

**«Б03107-Психология» білім беру бағдарламасы
2022-2023 оқу жылының көктемгі семестрі
2 курс, қазақ бөлімі
Пәннің атауы: Ес, ойлау және сөз психологиясы**

15-дәріс.

**Сөйлеудің психологиялық табиғаты. Стрестің сөйлеуге әсері
Жоспар**

I. Теориялық бөлім

1. Сөйлеудің психологиялық табиғаты

1.1 Сөйлеудің түрлері және функциялары

1.2 Сөйлеу психологиясындағы негізгі мәселелер

2. Стрестің сөйлеуге әсері

2.1 Стресс және сөйлеу

II. Теориялық ақпараттарды практикалық бекіту

1. Қазақ тілінде. Ойлау және ішкі сөз (внутренняя речь) және ішкі сөздің психологиялық механизмдері

2. Сөйлеу және интеллект-Беркімбаев Рахия

3. Орыс тілінде. Трансформациялық модель (Н. Хомский). Сөйлеудің логогендік табиғаты (Дж. Мортон)

4. Вербалды ойлау-ойлау мен сөйлеу бірлігінің көрінісі ретінде-Сыздыкова Азиза

5. Ағылшын тілінде. Сөйлеу әрекетінің психологиялық мазмұны және құрылымы (А.А. Леонтьев, И.А. Зимняя)

6. Психолингвистиканың негізгі мәселелері, әдістері, грамматикалық деңгейде сөзді тудыру теориясы-Касымова Мадина

7. Ағылшын тілінде. Монологты және диалогты сөйлеудің психологиялық сипаттамалары. Сөйлеудің продуктивті әрекеттері-ауызша және жазбаша сөйлеу

8. Сөйлеудің психологиялық сипаты: тыңдау және оқу. Төребек Аружан 9. Қорытынды

Жалпы сөзді, тілді, сөйлеуді филология, лингвистика зерттейді, ал психология кай тұрғыдан зерттейді деген сұрақ та маңызды, әрине тіл ғылымдарына жақын психолингвистика ғылымы бар, алайда психологияда біз сөйлеу психологиясын ойлаумен қатысты қарастырамыз неге солай қарастырамыз соған жауап іздеу керек. Психологиялық тұрғыдан сөйлеудің, сөз, тілдің бір бірінен қандай айырмашылықтары бар, олар қалай өзара байланысады. Ой мен сөз бір біріне қалай қатысты болады деп ойлануымыз керек.

1. Сөйлеудің психологиялық табиғатын талдайық

Өткен сабақта сөйлеу мәселесіне қатысты көптеген ақпараттар алдық, енді сол ойларды бүгін ары қарай жалғастырамыз. Адам баласы табиғаттан бағасы жоқ, теңдесі жоқ сөйлей алу бақытына ие болған. Ерте балалықтан бастап сөйлеуді үйренеміз, есея келе адамдар сөздеріне мән беріп, дауыс интонацияларына екіпін жасап, біресе ренжіп маған жаман сөйледі немесе қуанып жақсы сөз айтты деп мәз боламыз. Сөйлеу іс-әрекеті арқылы сен өзінді басқара бастайсың, мінез-құлықты реттей бастаймыз. Сөз арқылы (речь) адамдармен қатынастарға түсеміз, адам әлеуметтік тәжірибелер жинайды, жалпы өмірін қамтамасыз етеді.

Адамның сөзі арқылы оның тұлғасының барлық психологиялық келбетін көруге болады. Сөйлеудің психологиялық табиғатын ашу үшін біз көптеген мәселелердің ара жігін ажыратып алуымыз керек, мәселен сөз, сөйлеу, тіл олардың өзіндік қандай ерекшеліктері бар, олардың қандай психологиялық функциялары бар, мінез-құлқымызға қалай әсер етеді, қандай түрлері бар, санамызда сөз қалай пайда болады, балаларда сөз қалай дамиды, сөйлеу және ойлау мәселесі, ең бастысы ойдың сөзге қатынасы қандай, сөздің сана іс-әрекетінің әртүрлі психологиялық функциялары мен түрлеріне қатынасы туралы сұрақтар да маңызды, психологиялық сұрақтар қандай өте көне ғылым болса,

ойлау мен сөйлеудің арақатынасы да соншалықты көне әрі ойдың сөзге **катынасы әлі дұрыс шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі.**

Психологияда сөйлеуді қарастырғанда әдетте оны ойлаумен катысты қарастырады деп айттық, шындығында ойлау мен сөйлеу тығыз байланысты, сөз деген ерекше функция ол жалпылауды білдіреді, ал жалпылау ойлау операциясы ғой, сөз ұғымдардың (ұғым болса ой нәтижесі емес пе) өмір сүруінің формасы және әрі ойдың да өмір сүру формасы десек те болады

Сөйлеу біздің барлық психикалық процестермен өте тығыз интеграцияланған, яғни біріккен, атап айтқанда сөйлеудің негізінде оның мағынасын беретін сөз қалыптасады және қабылдау, қиял, ес сияқты танымдық процестер дамиды.

Тіл, сөйлеу, сөз ұғымдары сөздік іс-әрекет (речевая- деятельность) сияқты терминімен тығыз байланысты және өзара олар әрекеттесіп отырады. Сөз-сөво- тілдің негізгі бірлігі, сөз тілдің негізгі номинативті және когнитивті бірлігі, сол арқылы біз процестер, белгілер, заттар, катынастар туралы оларды атау үшін, оларды хабарлау үшін сөз бізге қызмет етеді.

Сөйлеудің психологиялық табиғатын жақсы түсіну үшін Выготскийдің еңбектерін жақсы біліп талдау керек. Ойлау және сөйлеу психологиясы туралы айтқанда Выготскийдің «ойлау және сөйлеу» деген еңбегін аттап кетуге болмайды нағыз алтын классика десек те болады.

Л.С. Выготский сөйлеуді тілдік белгілермен жанамаланған жүйе деп анықтап оны «психикалық құрал» деп атады, сөйлеу барлық психикалық процестерді қайта құрайды, соның арқасында ерікті саналы өмір сүру қамтылады,

Выготскийдің пікірі арқылы қарастырсақ, ойлау мен сөйлеудің санаға катысты жағын айтатын болсақ онда интеллект пен аффектінің арасындағы байланыс туралы да айтамыз.

Бала сөзінің дамуын зертеген Выготский оны 3-ке бөлді әлеуметтік сөз, эгоцентрикалық сөз, ішкі сөз

Баланың әлеуметтік сөйлеуінен бөлініп эгоцентрилік сөйлеуінің негізінде баланың ішкі сөйлеу тілі пайда болады, бұл оның ойлауының негізі болып табылады, әрі көркем, әрі логикалық ойлау десек те болады.

Тіл - сөйлеу құралы. Оны халықтың жүздеген ұрпақтары құрайды және үнемі байытылып отырылады. Тіл дегеніміз - адамның ақыл-ой әрекетінің және қарым-қатынасының құралы, адамның өзіндік санасын білдіру тәсілі, ұрпақтан ұрпаққа ақпарат беру және сақтау құралы ретінде қызмет ететін кез-келген физикалық сипаттағы белгілер жүйесі.

Сөздік белгінің қасиеті біздің теориялық іс-әрекетімізді шарттандырады, сөздің мәнінен айырмасы сол ол жеке мағына (личный смысл) дегенді көрсетеді, жеке мағына адамның іс-әрекет жүйесінде орын алған объектінің адамның жеке санасындағы көрінісі. Мән (яғни значение) сөздің әлеуметтік маңызды белгілерін біріктірсе, онда жеке мағына сол мазмұнды басынан өткізген субъективті әсерлену.

С.Л. Рубинштейннің тұлға сөздік (речевой) іс-әрекеттің субъектісі дейді. Сондай іс-әрекеттердің бірі ол қарым-қатынас, ал қарым-қатынас сөйлеу арқылы жүзеге асады, яғни сөйлеу дегеніміз тілді индивидуалды қолдану актісі, қарым-қатынас процесінде тіл арқылы ойларды, сезімдерді, ерікті білдіру процесі деп С.Л. Рубинштейн өте жақсы анықтама береді.

1.2 Енді Сөйлеудің түрлері және функцияларын талдаймыз

Психологияда сөйлеудің екі формасы ажыратылады: сыртқы және ішкі сөйлеу. Сыртқы сөйлеу речь ауызша (ол монолог, диалог) және жазбаша сөйлеу, сонымен қатар қимылмен сөйлеу (речь жестов) және дыбыстық сөйлеу болады, ішкі сөз басқа адаммен қарым-қатынас жасауға бағытталмайды, осы дыбыссыз сөйлеу ойлау процесі ретінде өтеді, оның екі түрі бар: ішкі сөз және ішкі айтылым **внутреннее проговаривание.**

Түсіну сөйлеудің ең бір басты кезеңі, сөздің болатынын айқындайды констатациялайды, сөз қоғамсыз туындамайды ол қарым-қатынасқа арналған әрі сол қарым қатынаста туындайды, сөйлеу әлеуметтік өнім.

Аса ерекше айтатын нәрсе ол ішкі сөз-әңгімелесу-мәселесі, яғни қиялдағы әңгімелесуші адам, ол сөз өте эмоциялы болады. Әрине ойлау мен ішкі сөздің **өзара байланысы бар, тіпті бір кездері екеуін бірдей деп те түсінді, алайда бұл сұрақ әлі толық шешілмеген** өткір сұрақтардың бірі

Ішкі сөз максималды қысқартылған (свернутый), бұрылып кеткен стенографикалық сөз (**грек сөзі, тар, тығыз және жазу, ауызша сөзді өте тез жазу тәсілі**) ал жазбаша сөйлеу максималды өрістеген развернутый», таратылған ауызша сөйлеуге қарағанда формалды түрде аяқталған сөйлеу

Лингвистика болсын психология болсын диалогты және монологты сөйлеуді өз беттерінше жеке зерттейді, яғни сөйлеудің көп қырлы функционалды екенін көреміз, Қарым-қатынас психологиясына білетіндей вербалды сөйлеу, вербалды емес сөйлеу бар сонымен сөйлеу түрлерін сабақтың

Сөйлеудің негізгі функциялары

1. коммуникативті (сөз қарым қатынас құралы, коммуникацияның құралы), 2. интеллектік (қабылдау, ес, ойлау процесіне тікелей қатысады, ал тілдің функциясында ол интеллектуалды құрал болып табылады, адам өз әрекетін жоспарлайды),

3. мотивациялық-реттеуші (психикалық процестерді, күйлерді және мінез-құлықты басқару процесіне қатысуы),

4. психодиагностикалық,

5. психотерапевтік,

6. әрі ойлау функциясы,

7. эмоциялық,

8. әсер етуші (воздейств)(адам әсер ету үшін сізге сөйлейді, басқа адамның санасына әсер етеді),

9. экспрессивті (мәнерлеуші) сөйлеу психологиясында кейде выразительная речь кейде экспрессивная речь деп келтіреді, сіз айтқанын сөз өте айқын, әрі көрнекі болу үшін сіз мәнерлеуші «экспрессивті» тіл құралдарын пайдаланасыз, яғни екеуі бір мағына

10. әлеуметтік (сөз әлеуметтік өмір үшін қажет соған арналған, сол арқылы сөз әсер етуші функцияны да жасайды),

11. мағыналық, белгілеуші, семантикалық (яғни сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып сол арқылы адам өзінің ойларын, сезімдерін басқаға жеткізуге қолданады),

12. сигнификативті (обзначающая, белгілеуші ол бірлескен әрекетте, қарым қатынаста қалыптасады, Назар салу, осы сигнификативті функция адамның сөйлеу әрекетінің жануарлардан коммуникациясынан негізгі айырмашылығын көрсетеді)

13. тексеру функциясы (адам өз іс-әрекетін қадағалап, тексеріп отырады)

14. жалпылаушы функция кез келген сөз жалпылайды, ұғымға айналады

15. сигналды «кез келген сөз бір нәрсені белгілейді атайды»

функцияларын атауға болады,

16. хабарлаушы функция

Сөйлеудің өте маңызды функцияларының бірі оның эмоциялық функциясы.

3. Сөйлеу психологиясындағы негізгі мәселелерге тоқталамыз

Бірінші мәселе оның тарихи дамуымен байланысты

1. Мінез-құлық психологиясы ойлауды сөйлеуге апарып олардың арасынан ұқсастықты, бірдейлікті іздеді. Бихевиорист үшін (Уотсон) ойлар сөздік аппараттың іс-әрекеті деді.

2. К. С. Лешли (бихевиорист емес Карл Спенсер Лешли (а 1890 АҚШ- туып, 1958, Франция) — американ психологы, физиолог, мінез-құлық психологиясы мен нейропсихологияның маманы) өз тәжірибелерінде тамақ (гортанның) қозғалысы арқылы сөздік реакцияларды тапқысы келді.

2. Ойлау психологиясында Жабайы халықтарды зерттеген Леви-Брюль зерттеулері, балаларды зерттеген Пиаже зерттеулерімен біздер таныспыз. Ол зерттеулерде де көптеген пікір талас тудыратын тұстары баршылық

3.Ассоциативті психология ой мен сөздің арасында байланыстар бар деп зерттеді, олар сыртқы деп саналды

4.Құрылымдық психология ассоциативті зерттеулерді ой мен сөздің арасында құрылымдық байланыс бар дегенмен ауыстырды.

6. Сөйлеудің дамуын зерттеген В. Штерннің зерттеулерінде білуіміз керек.

Штерн сөйлеудің 3 негізі бар деді:

1.экспрессивті,

2.элеуметтік

3.және интенционалды, алдыңғы екеуі- экспрессия мен элеуметтік жануарда да бар, ал интенция ол адамға ғана тән, интенция деген Штерн бойынша белгілі бір мағынаға бағытталу

7.Сондай ақ ойлау психологиясының өкілдері К.Бюлер (**Карл Людвиг Бюлер** (германия 1879—1963-лос анджелас) —Гуссерльге сүйеніп баланың сөзіндегі логикалық фактордың мәніне аса назар аударды.

7.Гештальтист Коффка, генетикалық психология өкілі Ж. Пиаже зерттеулерінде, кейін құлағы естімейтін мылқау балаларды Штернге сүйеніп зерттеген К. Бюлер мына жағдайды көрсетті: бала ашып көрсеткен сөз бен заттың арасындағы байланыс символдық функционалды байланыс емес деді.

8.Гештальтист В. Келлер (**Келер Вольфганг** (1887— 1967)—неміс психолог, гештальтпсихологияның неізін калаушылардың бірі. АҚШ эмиграциядан кейн ол Канар аралдарындағы антропоид станц директор болды), осы жерде адамға ұқсас маймылдардың интеллектуалды мінез-құлқын зерттеді және инсайт ұғымының негізін калады.

Кеңес психологиясында да мұндай эксперименттер болды- Н. Н. Ладыгиной-Котс және т.б. оның «Дитя шимпанзе и дитя человека» (1935).

Отто Келер деген бар оны гештальтист В. Келермен шатастырмау керек (1889—1974).

Екінші мәселе Сөйлеудің психофизиологиялық табиғаты-сөздің психофизиологиялық табиғатын мидың аналитикалық-синтетикалық іс-әрекеті құрайды. бірінші және екінші сигналдар жүйесі бар , бірінші сигналдар жүйесі сыртқы әлемді сезімдік тануды камтамасыз етеді, түйсінулер , кабылдау негізінде, екінші сигналды жүйе тілдік белгілер арқылы болмысты, әлемді жалпылап бейнелейді.

Үшінші мәселе.

Филогенезде сөйлеу карым-катынас құралы деп саналды жануарларда да дамыған жоғарғы коммуникация бар, алайда адам ғана интеллектуалды міндеттерді, тапсырмаларды сөйлеу арқылы орындай алады мысалы шимпанзенің сөзі тек органикалық қажеттіліктерді көрсетеді, адам баласының сөзіне бәрібір жете алмайды

Бірде бір ғалым жаунардағы сигнификативті функцияны таба алмады, соны тіркей алмады.

Төртінші мәселе.

Соңғы кездері сөйлеуді меңгеру адамда туа берілген бе әлде өмірде игере ме деген сұрақ қатты пікір талас тудыруда, ғалымдыр екіге бөлініп алған жартысы туа берілген, сөздің генетикалық негізі бар десе, жартысы өмірде үйренеді дейді

Бесінші мәселе.

Сөйлеудің генезисін түсіну де қиындықтар тудырады. Тілдің пайда болу теориялары өте жабайы түрде дамыды.

Сол сияқты тілдің шығуының инстинкт теориясы да жақсы дами алмады (**Макс Мюллердің лука-вау теориясы**)

Өте танымал теориялардың бірі сөздің шығуы туралы ол когнитивті теориялар. Бұл теория бойынша бала туғанынан бастап ақпараттарды кабылдауға, өндеуге кабілетті,

мәселен олар баладан шығатын спонтанды сөз творчествосы туралы айтты (бала керемет ойларды айтып қалады қойған сұрақтарына жауап таба алмай қаласың).

Алтыншы мәселе қазір сөйлеу психологиясы қай бағытта дамып жатыр?

Лондонның универсал колледжінде К. Прайс бастаған зерттеушілер сөйлеуге жауап беретін мидың бөлігін зерттеді. Олар магнитті-резонансты томографтың көмегімен инсульт алған адамдарда сөйлеу бұзылады сондай пациенттердің бас миын анализдеді.

Макс Планк атындағы психолингвистика институты « тілді меңгерудегі бас миының жұмысын бақылау» деген бағытта миды зерттеді және адамның ойы мен тілі әрекетінде мида не өтетінін анықтады.

Қорыта айтсақ сөздің мағынасы ол мәннен бөлек нәрсе. Сөздің мағынасы деген сұрақ лингвистикалық емес ол таза психологиялық категория яғни ол сөздің тілдік сипаттамасы емес ол оның психологиялық сипаттамасы.

Жетінші мәселе

Сонымен бұл тәжірибелер нені білдіреді, ата анасы кедергі болса да жақсылап оқытып үйретілген соң олар тез сөйлеп кетті яғни туа берілген нышандар бар деп санауға болады, алайда ол балалар жақсы тілдік ортада өссе, көп қарым-қатынасқа түссе оларда жақсы сөйлей алушы еді

Қазіргі жаңа заманауи зерттеулерде «тіл және сөйлеу адамның когнитивті дамуы мен эмоциялық дамуында негізгі рөл атқара отырып олар әлеуметтік өзара әрекетті жасайды, мінез-құлықты реттейді, оқуды ұйымдастырады. Сөйлеу процесінде абстракция мен жалпылау талап етіледі, сол абстракциялау мен жалпылауды (екеуі де ойлау операциялары) көрсете отырып сөз - ұғымдар мәселесі туындайды.

Бұл күндері Нейролингвистика и психолингвистика, нейрофизиология. Нейролингвистика және сөйлеу психологиясы. когнитивті нейро ғылым және ойлау психологиясы, нейролингвистика және сөз патологиясы, когнитивті лингвистика, коммуникативті лингвистика, этнолингвистика, социоллингвистика сияқты ғылыми бағыттар қарқынды дамуда.

Сегізінші мәселе

Тағы бір маңызды мәселе. ол комплекстік ойлау (комплексное мышление комплекс психолог термин педаг кешенді емес) яғни байланыстырушы ойлау (связное мышление) ол әрі бір уақытта объективті ойлау деп те түсініледі, Осы ойлау процесі ұғымдардың қалыптасуындағыдай емес басқаша бейнеленеді.

Тоғызыншы мәселе

Тілге байланысты ойланатын сұрақтар өте көп мәселен,

- 1.тіл біздің санамызда қалай беріледі
- 2.бала қалай тілді меңгереді
- 3.ересек адамдар тілді қалай қайта өңдеп шығады
- 4.тіл мен ойдың арасында қандай қатынас бар
- 5.ми арқылы тіл қалай өңделеді, қалай ми арқылы беріледі
- 6.адами тілді өңдеу және тілдің игерудің компьютерлік моделденуі

Оныншы мәселе

Ойлаудың немесе бізді ойландыратын құралдар немесе менталды құралдар туралы зерттеулер де көп, : Ақыл-ой бейнелері (менталды бейнелер) : қабылдау кезінде туындайтын психикалық мазмұн, бірақ олар тікелей сенсорлық көрністен гөрі сақталған ақпараттан туындайды. Ойлау ақпараттарды манипуляциялайды, өзгертеді, алайда ақпараттар сақталады.

Ішкі сөйлеу және әртүрлі тәсілдермен айтылған ойлар • мысалы, бихевиорист Уотсон айтады, - ойлау тек өзімен өзі сөйлесу.

Он бірінші мәселе

Енді мына жағдайға көңіл бөлеміз тіл, ойлау және интеллект мәселесі, адам осылардан қайсысын өте жақсы орындайды, белгілі психолог Эленора Рош лингвистикалық салыстырмалық жайлы гипотезаны қайта тексерді, авторын сендер

білесіңдер өткен сабақта айтылды, тексерді - Папуа-Новой Гвинее адамдарын зерттеді, көп түстер пайдаланып сөйлейтіндер болды олар, сөздерді жеңіл жаттайды екен.

Он екінші мәселе

Келесі өте маңызды мәселе ойлаудан, интеллектіден мінез-құлыққа қарай өтеміз. Максатқа жету үшін көптеген кедергілер болады. Сол мәселені қалай шешеміз? Ол үшін Қазіргі жағдай мен сол сіз қалаған максат арасында тұрған кедергіні жеңу жолын ойлау арқылы іздестіреміз .

Тіл, ойлау және интеллект : ол, сәттілік сонымен қатар: жеке қасиеттерге, адалдық пен әдептілікке байланысты; мотивация, амбиция, білім; мәдениет / құндылықтарға да тікелей байланысты. Интеллектіні зерттеу бойынша көптеген маңызды ұғымдар бар мысалы, Спирменнің g-факторы. IQ көрсеткіштері негізінен g-факторымен байланысты; жалпы сіздің қаншалықты ақылды екеніңіз осы жалпы интеллектуалды қабілетіңіздің қаншалықты екендігіне байланысты.

Интеллект 7 бөлек негізгі ақыл-ой қабілеттерінен тұрады, жаңа интеллект түрлері зерттелінуде, мәселен: Кеттелл мен Хорн-Кэрролл анықтаған - сұйық және кристалданған интеллект. біз көбінесе Кеттелл ұсынған флюидті (текущий интеллект өтіп жатқан процестердің жылдамдығына дәлдігіне жауап береді) және кристалданған интеллекті туралы жақсы білеміз, қазір тіпті сексуалды интеллект (SQ).

Он үшінші мәселе

2.Стрестің сөйлеуге әсері

Стресс дегеніміз адамға қауіп тудыратын және мінез-құлықтық және физиологиялық реакциялар шақыратын эмоциялық бір күйді бастан кешіру.

Сізде неғұрлым симптомдар көбейсе онда сіз стрессті қадағалай алмайтын нүктеге, нәтижеге соғұрлым жақындайсыз.

Қазір өте көп оқылатын Б. МакЭвеннің психобиологиялық стресс моделі (McEwen. 2003) өте маңызды, бұл стресс-реакциялар керемет парадоксты береді, белгілі бір жағдайларда стресс адамды қорғайды, денсаулығымыз үшін маңызды, алайда басқа жағдайларға қатысты бізді ауыртып, ол бізге зиянды болуы мүмкін. Стереотиптік стресс деген мәселеде қатты қызығулар тудырады

Шет елде стресске қатысты психологиялық сабақта аса маңызды деген адами факторлар көп қарастырылады ал стресс туралы белгі теориялар мен зерттеулерді біз сияқты дайын айтып бермейді оны студенттер өздері оқып алады себебі материалдары өте көп, оқытушылар оған міндетті емес, сабақтың бәрі практика ориентиванный бағытта

Посттравматикалық стресстің бұзылуы (PTSD) естеліктер мен армандардағы бастапқы жарақатты қайта бастан өткізу, қозудың күшеюі, қырағылықтың күшеюі

Стресс тіпті бейсаналық процестерде де кездеседі, мысалы ол біздің сөйлеуімізге қатысты, Стресстің бейсаналық процестерде де көрінуі ол сөйлемен байланысты. Мысалы, сөйлеуді алайық: біз айтатын сөздер негізгі мағынаны білдіретіндерге бөлінеді және біз оларды әдейі таңдаймыз (бұлар көбіне етістіктер мен зат есімдер), ал айтылғанды нақтылауға көмектесетін қызметші сөздер бейсаналық түрде соған олар сырғып кетеді, және олар көбінесе есімдіктер, үстеулер және сын есімдер болып шығады.

Стресстің сөйлеуге әсерін талқылайық

Сөйлеуді сипаттайтын маңызды факторлардың бірі - қарым-қатынас процесіндегі адамның жағдайы. Психолингвистикалық тұрғыдан алғанда эмоциялардың көрінісі адамда ең алдымен тілдік мінез-құлық (языков повед) арқылы жүзеге асады. Сондықтан соңғы жылдары спонтанды дыбыстық сөйлеуді лингвистер екі немесе одан да көп тұлғаның эмоциялық күйінің алмасуы ретінде қарастырды. Бізге әсер ету факторларын және сөйлеу эмоционалдылығының көріну формаларын қарастыру және талдау қызықты болып көрінеді

Кез-келген жағдайда стресстік жағдайдағы адамның күйі оның мінез-құлық пен сөйлеу процесін ұйымдастырудың бұзылуымен сипатталады: яғни ретсіз белсенділік

немесе бұрын сипатталмаған енжарлық және әрекетсіздіктің нәтижесі ретінде түсінуге болады, сөйлеу параметрлеріне бір зорлану, асқыну келгенде стресс туындайды.

Адамның айтып жатқан сөзіне, сөйлеуіне карап оның стресстік күйін көруге болады, бір бірімізмен қалай сөйлесеміз қандай сөздерді колданамыз ол стеспен тікелей байланысты біреумен ашуланып, біреймен тыныш немесе бұйрық беріп сөйлейміз т.б. шынындада сөз бен стресстің арасында байланыс бар.

Әдебиеттер:

1. Носенко Э.Л. Эмоциональное состояние и речь. Киев: Вища школа, 2005.-195с
- 2.Хохлова И.Н. Речевое общение. Различие в речевом поведении мужчин и женщин. М.: Диалог - МГУ, 1999. — 23с.
- 3.Грайс, НР «Логика и разговор». *Исследования на пути слова*. Кембридж, Массачусетс: Издательство Гарвардского университета, 1989
- 4.Даммит, Майкл. «Что такое теория смысла? (I)». *Море языка* . Нью-Йорк, штат Нью-Йорк: Издательство Оксфордского университета, 1996,
- 5.«Язык и мышление: что люди умеют лучше всего». В Kosslyn & Rosenberg, Psychology in Context , 3 / e. (Pearson, 2007).